



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

13.12.2024 жыл

№ 2, 5-т.

**Кәсіподақтағы Еңбекші әйелдер
істері жөніндегі комиссия жұмысын
жандандыру туралы**

Орталық Комитет аппаратының 2024 жылға арналған перспективалық жұмыс жоспарының 1.2.4. тармағын орындау мақсатында «Кәсіподақтағы Еңбекші әйелдер істері жөніндегі комиссия жұмысын жандандыру туралы» сұрағын қарастыру нәтижелері бойынша Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару Комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Орталық Комитет аппаратының ұйымдастыру жұмысы бөлімінің бас маманы И.Б. Сақауованың «Кәсіподақтағы Еңбекші әйелдер істері жөніндегі комиссия жұмысын жандандыру туралы» ақпараты назарға алынсын (қоса беріледі).

2. Мүшелік ұйымдардың басшылық органдарына, өңірлік Еңбекші әйелдер істері жөніндегі комиссиялардың төрағаларына:

- комиссия жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында комиссия мүшелерін гендерлік заңнама, комиссия жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша жергілікті жерлерде арнайы оқытуды ұйымдастыру;

- кәсіподақ мүшелерінің құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында гендерлік ағартушылықты жүзеге асыру;

- шетелдік ұйымдармен тәжірибе алмасу, мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен өзара ынтымақтастықты әрі қарай жалғастыру;

- кәсіподақ органдарының гендерлік жұмысын ақпараттық қамтамасыз етуді жандандыру, әйелдердің мүдделерін қорғау, отбасы құндылықтарын насихаттау бағытында комиссия мүшелерімен мақалалар және сұхбаттар, әлеуметтік желілерде ақпараттар жариялауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ Төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға

А. Мұқашева